

УНИВЕРСИТЕТТІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ

Университеттің материалдық-техникалық базасы университет миссиясының мақсаттары мен міндеттеріне, санитарлық нормалар және өрт қауіпсіздігінің ережелеріне, жоғары кәсіби білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келеді. Оның дамуы мен нығайтылуына үлкен мән беріледі, себебі білім беру үдерісінде материалық-техникалық ресурстар көрсеткіштері ЖОО әлеуетін сипаттайды және оның дамуының кепілі болып табылады.

Қазіргі таңда «Болашақ» университеті–Сырдың бойында, қаламыздың көркін әсем ғимараты мен келтіріп, сол жағалауынан орын алған оқу орны.

2017жылы университет студенттеріне арналған заманауи талаптарға сай кампус құрылысы басталып, 2019 жылдан бастап пайдаланылуда. Қазіргі таңда бас оқу корпусында (инвестициялық құны–2 млрд. 234.563.000 теңге) студенттер білім алуда.

Университеттің материалдық техникалық базасы жалпы аумағы 11 гектарды құрайтын заманауи технологиялармен жасақталған 14 қабаттық 21000 ш.м. бас оқу корпусы, соңғы үлгімен жасақталған симуляциялық орталық, 800 орындық 2 жатақхана, 2160 ш.м. спорт сауықтыру кешені, 500 орындық атриум залы, 2 қысқы бақ, 200 орындық оқу залы мен электрондық жасақталған бай қоры бар кітапхана, 300 орындық асхана, білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптендірілген зертханалық базалар, 8 блоктан тұратын 4 орталық жылыжай, «Болашақ ТВ» журналистика телестудиясы өз жұмысын жүргізуде.

Қазіргі таңда толық смарт-кампус жүйесін қалыптастыруда университетте 1100 орындық «Болашақ Холл» құрылысы жүргізілуде. Оқытушы-профессорлар үйі, дендропарк, медициналық клиника, жағалаудағы ашық аспан астындағы атриум, кинотеатр, бизнес инкубаторды жүзеге асыруға және білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған технопарк, университет жанындағы зияткерлік мектеп, жастар кешені құрылысы салыну жоспарланған.






Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жылыжай өнімдері



Университеттің «Дос» роботы



Атриум залы




TV студия

2260 ш.м жабық спорт кешені(су бассейні, минифутбол, волейбол, баскетбол, гимнастика, бокс, күрес, ауыр атлетика залдары) бар.



«Болашақ» спорт-сауықтыру кешені






Теннис корты



Фойе




Аудиториялар



Асхана



Бас оқу ғимараты



Фойе